



АЛЬДЕГИДТЕР ЖӘНЕ КЕТОНДАР



Альдегидтер. Альдегидтер дегеніміз — молекуласындағы карбонил тобы көмірсутек радикалымен және сутекпен байланысқан органикалық заттар:





жалпы формуласы



функционалдық альдегидтік топ

Альдегидтер молекуласына кіретін, көмірсутек радикалымен және сутекпен байланысқан карбонил тобын альдегидтік топша деп атаймыз.






Физикалық қасиеттері. Құмырсқа альдегидінен басқасы сұйық заттар, жоғары өкілдері қатты заттар.


Сондықтан қатар бойынша біртіндеп қайнау температуралары да артады. Төменгі өкілдері (C_1 — C_8 -ге дейін) өткір иісті болады. Суда ерігіштіктері де біртіндеп радикалдағы көміртектің саны артқан сайын кемиді.

Альдегидтер тыныс жолдарын, көз қабықшаларын тітіркендіреді, жүйке жүйесіне зиянды әсерін тигізеді.



Кетондар. Кетондар дегеніміз – карбонил тобы арқылы байланысқан екі көмірсутек радикалынан тұратын органикалық заттар. Оларды құрамына кіретін радикалдар атына “кетон” сөзін қосып атайды, ал халықаралық атау бойынша құрамындағы көміртек атомына сәйкес алканның атына – он

жұрнағын жалғау арқылы айтылады. Кетондардың ең қарапайым өкілі — ацетон. Ол – өткір иісті, түссіз сұйықтық, судан жеңіл, бірақ суда жақсы ериді, ұшқыш. Көптеген органикалық заттарды жақсы ерітеді. Мысалы, лакты, нитроцеллюлозаны, т.б. Ацетонды ағашты құрғақ айдау арқылы, сондай-ақ сірке қышқылы мен оның тұздарынан да алады:



Құрамында карбонил

$C=O$ тобы бар

қосылыстарды екі топқа бөледі: альдегидтер және кетондар. Бұлардың бір-бірінен айырмашылығы — альдегидтерде карбонил тобы радикалмен және сутек атомымен байланысқан, ал кетондар екі радикалмен байланысқан. Альдегидтер мен кетондарға қосылу реакциясы тән, қосылу реакциясы $C=O$ қос байланысты үзу арқылы жүреді.



